

## Әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесін, оларды даярлау мен біліктілігін арттыру стандарттарын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 мамырда № 11089 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.05.2019 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесі;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру стандарттары бекітілсін.

2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж.Қ. Шаймарданов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

## Әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесі

Код	Бейінді білім, мамандықтар мен кәсіптер атауы
<b>1. Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі мамандықтар*</b>	
<b>0500000 - Сервис, экономика және басқару</b>	
0501013	Әлеуметтік жұмыс бойынша маман
0501023	Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы маман
<b>2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар*</b>	
<b>1. Білім</b>	
5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010500	Дефектология
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
<b>5. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес</b>	
5B050100	Әлеуметтану
5B050300	Психология
5B050600	Экономика
<b>9. Қызмет көрсету</b>	
5B090500	Әлеуметтік жұмыс
6M090500	Әлеуметтік жұмыс
6D090500	Әлеуметтік жұмыс
<b>11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)</b>	
5B110100	Мейірбике ісі
6M110300	Мейірбике ісі
5B110200	Қоғамдық денсаулық сақтау
<b>13. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)</b>	
5S130100	Жалпы медицина

Ескертпе: \*Тізбеге 2009 жылғы 20 наурыздағы № 131-од Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуіші және 2008 жылғы 3 маусымдағы № 273-од Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім кәсіптері мен мамандықтар жіктеуіші негізінде әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру үшін ұсынылатын мамандықтар енді.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 220 бұйрығына  
2-қосымша

# **Әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру стандарттары**

## **1. Жалпы ереже**

1. Әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру стандарттары (Стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 31-өм бұйрығымен бекітілген халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жүйесі басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7442 тіркелді) сәйкес әзірленді.

2. Әлеуметтік қызметкерлерді дайындау "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына, "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 150 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8489 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің м.а. 08.01.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы Стандарттар әлеуметтік қызметкерлердің сапасын арттыруына қойылатын талаптарды реттейді және оқытудың мерзімдері мен ұзақтығын, тындаушылардың оқытуға қойылатын талаптарын анықтауын, біліктілікті арттыруды ұйымдастырудың түрлерін қамтитын әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібін қарастырады.

4. Стандарт ережелерін Қазақстан Республикасында меншік нысанына, ведомстволық бағыныштылығына және ұйымдастыру-құқықтық нысанына

қарамастан әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мекемелер мен ұйымдар қолдануға және сақтауға міндettі.

5. Осы Стандартта келесі негізгі ұйымдар қолданылады:

1) біліктілікті арттыру-бұрын алынған кәсіптік білімді, іскерлік пен дағдыны қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқытудың нысаны;

2) біліктілікті арттыру мекемелері және ұйымдары (бұдан әрі - ұйым) - кәсіптік білім мен дағдыны тереңдету мақсатында әлеуметтік қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын, әлеуметтік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік саладағы инновациялық процестерді қолдауды жүзеге асыратын ұйым.

3) әлеуметтік қызметкер - арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін және (немесе) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуде қажеттілікті бағалауды және анықтауды жүзеге асыратын, бекітілген талаптарға сәйкес келетін қажетті мамандыққа ие қызметкер;

4) тыңдаушылар-біліктілікті арттыруды өтетін әлеуметтік қызметкерлер;

5) тапсырма беруші-біліктілікті арттыруға байланысты қызмет көрсетуге тапсырысты жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 08.01.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

6. Біліктілікті арттыру ұйымдарының түрлері:

1) Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыстық департаменттері, Денсаулық сақтау басқармалары;

2) облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, облыстық маңызы бар қалалардың аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімдері;

3) білікті мамандарды тарта отырып, арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдар;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелері;

5) меншік нысанына қарамастан білім беру бағдарламаларын іске асыратын әлеуметтік қызметкерлер біліктілігін арттыратын оқу орталықтары (өнірлік, өнірарапалық, салалық).

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 08.01.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

## **2. Әлеуметтік қызметкерлердің арттыру және біліктілігін арттыру стандарттары**

7. Әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты мен міндеттері:

- 1) кәсіби білімін тереңдешту мен жаңарту;
- 2) практикалық дағдыларын жетілдіру;
- 3) заманауи талаптарға сәйкес келетін кәсіби құзыреттілігін дамыту;

4) ғылымның заманауи жетістіктерін және әлеуметтік жұмыстың практикалық шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу;

5) кәсіби қызметте жаңартылған теориялық білімдерді белсенді түрде қолдану.

8. Біліктілікті арттыру оқу семинарлары, курсар-семинарлар және әлеуметтік жұмыс мектептері арқылы жүзеге асырылады.

9. Біліктілікті арттыру жүргізіледі:

- 1) өндірістен қол үзіп;
- 2) өндірістен қол үзбей;
- 3) өндірістен жартылай қол үзіп;
- 4) қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы.

10. Біліктілігін арттыруды ұйымдардың басшылары, әлеуметтік қорғау мекемелерінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар, сарапшылар, арнағы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалауды және анықтауды жүзеге асыратын әлеуметтік қызметкерлер, күтім бойынша біліктілігі жоғары деңгейдегі әлеуметтік қызметкерлер, зейнетақы мен төлемақыларды төлеу бойынша ұйымдардың мамандары, еңбекпен қамту орталығының (қызметтің) құрылымдық бөлімшелердің (бөлімнің, саланың, топтың) мамандары, әлеуметтік жұмыс бойынша консультанттар, дәрігерлік амбулаторияның әлеуметтік қызметкерлері өтеді.

11. Әлеуметтік қызметкерлер барлық еңбек қызметінде әрбір бес жыл ішінде кемінде бір рет біліктілігін арттырады.

12. Біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер жұмыс берушінің келісімімен жұмыстан босатылады немесе толық емес жұмыс күні жағдайында жұмыс атқарады.

13. Біліктілікті арттыру әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, сондай-ақ басқа да мекемелермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

14. Біліктілікті арттыру бюджеттік қаражат, сондай-ақ ұйымдардың тындаушылары оқу ақысын төлеуден алынған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

15. Оқыту ұзақтығы тапсырыс берушінің қажеттіліктерін ескеріп, оқу бағдарламаларының көлемі мен мазмұнына байланысты, бірақ 4 айдан аспайды.

16. Біліктілікті арттыру әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби білімдері мен практикалық жұмыс тәжірибесін ескеретін қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 08.01.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған қуннан кейін құнтізбелік он қун откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Бағдарлама мазмұны біліктілікті арттыруды өтетін тыңдаушылардың контингентіне байланысты анықталады.

18. Дәріс сабактарының көлемі аудиториялық сабактардың жалпы көлемінің 30 (отыз) пайызынан артық болмауы тиіс. Бір академиялық сағат 45 минутты құрайды.

19. Тиісті білім беру бағдарламасын іске асыратын Ұйым өз бетінше тапсырыс берушінің қажеттіліктерін ескеріп, оқытуудың мерзімін, нысанын, мазмұны мен технологиясын анықтайды.

20. Біліктілікті арттырудың оқыту бағдарламаларын меңгеру балдық жүйе бойынша бағалаумен тыңдаушының тиісті бағдарлама бойынша емтихан тапсыруын қажет ететін міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады:

1) қысқа мерзімді бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру - тестілеу нысандағы емтихан;

2) 72 сағаттан артық біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша - тестілеу және қорытынды жұмысты қорғау нысандағы емтихан.

21. Біліктілікті арттыру шенберінде білім алған және емтиханды сәтті тапсырған тыңдаушыларға сертификат беріледі.